

Жастар – болашақтың кепілі

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ
28 ҚАЗАННАН БАСТАП
ШЫҒА БАСТАДЫ



№8 (45)

30 қыркүйек, 2013 ж.

ЖАСТАР ГАЗЕТІ

КЕРЕКУЖАР АУЫЛЫНДА ТҰЗ ӨНДІРІЛЕТІН БОЛА МА?

4-бет



Ал болашақта Құрмантұз көлін қайта өндірсе не болар еді? Бұл сұрақтың шешімі де қиын. Осы мәселенің философиялық мағынасына үңілсек, бұл болатын өзгеріс тек Керекужар ауылына ғана емес, онымен көршілес ауылдар Заңғар, Мойылды, Красноармейкамен, тіпті Павлодар қаласына да үлкен пайдасын әкеледі. Қандай пайда әкеледі? Павлодар қаласы мен жаңағы аталған ауылдардың арасындағы жұмыссыз жүрген қарапайым халықты жұмыспен қамтамасыз етер еді.

**БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ –
МЕМЛЕКЕТТІҢ ТІРЕГІ**



3-бет



**Әбу Сәрсенбаевтың
жиені Ұзақәлі
Жанмұқаш
Құмарұлы:**

**ҮЙЛЕСІМДІЛІГІН
ТАПҚАН БАҚЫТТЫ
ЖҮП**

5-бет



**АЛТЫННЫҢ
«КҮЗЕТШІ БҮРКІТІ»
КІМ?**

6-бет

ТІЛ МӘСЕЛЕСІНЕ ЕРЕКШЕ НАЗАР АУДАРЫЛАТЫН БОЛАДЫ

Қазақстан халқы Ассамблеясының ғылыми-сарапшылық кеңесі тіл мәселесіне ерекше назар аудартып болады. Ақордада Мемлекеттік хатшы Марат Тәжиннің қатысуымен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясы Ғылыми-сарапшылық кеңесінің кеңейтілген отырысы барысында журналистерге кеңес төрайымы Айгүл Сәдуақасова осылаймәлімдеді.

Шара аясында атқарылған жұмыстарға тоқталған кеңес төрайымы, терминология ісін бір жүйеге келтіру мәселесіне ерекше назар аударылғанын айтты. Оның сөзіне қарағанда, бұл бағытта он шақты ғалым жұмыс істеп, былтырғы жылы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік этнографиялық саясат ұлттық комиссиясының, Павлодар облысы әкімдігі мен Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің қатысуымен «Әйел және дін» атты республикалық форумы өтті.

«Ғылыми-сараптамалық кеңес қолға алған тағы бір жоба – «Тарих үшін тағзым» жобасы. Осынау үлкен жобаны 2009 жылы Ассамблея қолға алған болатын. Соның ішінде депортацияға ұшыраған халықтар, саяси қуғынмен келген азаматтардың өмірі туралы дерек іздеп, жинап, ұрпағынан сұхбат алып, үлкен екі кітап шығардық. Деректі фильм де түсірдік», – дейді А. Сәдуақасова. Оның айтуынша, ғылыми-сараптамалық кеңес тіл мәселесіне де ерекше назар аударады. Атап айтқанда, Кеңес ғалымдары, лингвистер мемлекеттік тілді жетілдіруге бағытталған жобалар ұсынды. «Олар қазіргі таңда жарық көрді, соның негізінде қазір тікелей практикалық ұсыныстар дайындалып жатыр. Сонымен қатар саясаттану ғылымы да назарымызда. Саяси жүйені жаңғырту кезеңінде қандай өзгерістер болады, қоғам оған қалай бейімделеді, саяси жүйенің ішіндегі Ассамблеяның рөлі және атқаратын қызметтерін анықтап берген жұмыстарымыз баршылық», – деді А. Сәдуақасова.

Вaq. Kz

ШАРБАҚТЫДАҒЫ ҚАРБЫЗ ФЕСТИВАЛІ

Осы жылдың қыркүйек айының 14 күні Аққу ауданының Шарбақты ауылында шаруа қожалықтарының қатысуымен «Ырысы мол дәулетті туған өлкем» атты аудандық қарбыз фестивалі өткізілді. Оннан астам шаруа қожалықтары аудан орталығына салмағы 15 келіге дейін жететін ала, қара және ақшыл жасыл, дөңгелек және сопақ, қызыл және жасыл ұлпалы шырынды жидектің ондаған түрін әкелді.

Фестиваль барысында қарбыздан жасалған туындылар көрмесі өтіп, «қарбыз боулингінен» жарыстар ұйымдастырылды. Қарбыз жеуден тартымды жарыс болып, көңілді ойындар, концерттік бағдарламалар ұсынылып, көркемөнерпаздар ұжымдары өнер көрсетті. Көпшілікке ұнаған аталмыш фестивальді дәстүрлі ету жоспарлануда. Фестивальге келген жұртшылық көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты.

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ТОЙЫНА 300 ШЫРША ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

Биылғы жылдың 21 қыркүйегінде Көкшетау қаласында «Біз – таза қала үшін» ұранымен айлық сенбілік басталды, деп хабарлайды 24.kz сайтынан.

Шара аясында алда келе жатқан Абылай ханның 300 жылдық тойына арнап, 300 шырша отырғызылды. Көкшетауда мұндай сенбілік өткізу жыл сайын дәстүрге айналған. Алайда, осы жылғы шараның маңызы ерекше болып отыр. Хан Абылайдың 300 жылдығы жақындап қалды. Бұған дейін мектепте, жоғарғы оқу орындарында, түрлі мекемелерде мерейтой аталып өтсе, енді бүкіл қала тұрғындары тазалыққа кірісті. Сенбілік аясында қала қоқыстан және жапырақтардан тазартып, ағаштар өктеледі. Сондай-ақ, көшедегі жарық беретін шамдар қалыпқа келтіріледі. Бүгін орталық саябақтағы «Менің Қазақстаным» сәулет композициясы мен ауған жауынгерлеріне арналған ескерткіштің маңына және Абай көшесі бойына барлығы 242 түп терек отырғызылды.

ҚазАқпарат
Дайындаған Амангүл ТИЛЕЙ

ПМУ-да «Әйел және дін» республикалық форумы өтті

2013 жылдың 17 қыркүйегінде С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің концерттік залында Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер ісі мен отбасылық-демографиялық саясат ұлттық комиссиясының, Павлодар облысы әкімдігі мен Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің қатысуымен «Әйел және дін» атты республикалық форумы өтті.

Форумның мақсаты: қоғам және саясат ғылымдарының көзқарасымен дін және әйелдер қарым-қатынасының әр алуан аспектілерін талқылау мақсатында пікір талас алаңын ұйымдастыру.

Павлодар облысы әкімі Ерлан Арынның айтуынша, бүгінгі форумға арқау болған тақырып күрделі де өзекті. «Шынайы дін ешқандай қателеспейді, өйткені сенім шаңырақ, отбасы



деген киелі ұғымнан бастау алады».

С.Торайғыров атындағы ПМУ ректоры, э.ғ.д., С.Өмірбаев өз сөзінде «Әйел және дін» республикалық форумының Павлодар мемлекеттік университетінде өтіп жатқандағы ЖОО-ның жаңа белестерді бағындыруының белгісі екендігін және мемлекетіміз үшін тарихи маңыздылығын айырықша атап өтті.

Пленарлық отырыстарда заманауи қоғамдағы әйел мәртебесі мен әйел теңдігі қағидаттарының іске асыруы

турасында баяндамалар оқылды.

С.Торайғыров атындағы ПМУ-да ұлттық бойжеткендерді ұлттық дәстүрлер негізінде және дүниетанымдық өрісін кеңейту үшін тәрбиелеу мақсатында «Қыз Жібек» клубының ашылуымен форум өз жұмысын аяқтады.

Алдағы уақытта «Қыз Жібек» клубы базасының аясында өскелең ұрпақ пен алдыңғы буын апа, әпкелерімізбен кездесу алаңы болатын ұлттық тәрбие мектебін құру жоспарлануда.

Дені сау адам – жаны сау

Халқымыз «Денің сау болса, жарлымын деме» деген, бұл ешқандай түсіндіруді керек етпейтін ақиқат. Сондықтан болар, қай халықта болмасын, қай заманда болмасын денсаулықты бірінші байлыққа балаған. Оған қоса ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдайтын Жолдауларында денсаулық, медицина мәселелеріне ерекше көңіл бөліп келеді. Мысалы, Елбасымыз өз сөзінде: «Бүгінде «Саламатты Қазақстан-2015» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда. Денсаулық сақтау жүйесі сапалы дамып келеді. Халық денсаулығы көрсеткіштерінің жақсы серпінділігіне қол жеткізілді», – деген жолдар осының нақ айғағы.

2013 жылдың 7 қыркүйегінде Усолка мөлтек ауданында орналасқан көпінде С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің 1 курс студенттерінің қатысуымен Денсаулық күніне арналған мерекелік шара ұйымдастырылды.

Шараның мақсаты: салауатты өмір салтымен шынығып еліміздің рухани ерекшеліктерін құрметтеуге, сақтауға, мәдениеті мен дәстүріне зор ілтипат танытуға, тәрбиенің басты бағыттары: ақыл-ой өрісін кеңейтуге, адамгершілік қасиеттерін сіңіруге, үлкенге сый-құрмет көрсетуге, отбасын құрметтеуге және патриоттыққа бағыттауға тәрбиелеу.

Мерекелік шараны ашқан С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор Серік Өмірбаев өз сөзінде: «Біздің халқымыз «Денсаулық – зор

байлық» – деп тегін айтпаған. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында халқымыздың денсаулығына үлкен мән беріп, азаматтардың денсаулығына, қоршаған ортаның таза болуына күш салу қажеттілігін атап айтқан», – деп баса қадап айтты.

«Денсаулық күні» атты шараның барысында Павлодар мемлекеттік университеті студенттерінің қатысуымен әр түрлі спорттық ойындар өтті. Шара соңында белсенді әрі спорт сүйер студенттерді марапатқа бөлгенді.

Шараға С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің әкімшілігі, профессорлық-оқытушылар құрамы, бөлімшелердің қызметкерлері және 1500 студент қатысты.





Назгүл РАБИЛОВА

Адам баласының тұлға болып қалыптасуына отбасы институтының алар рөлі айрықша. Ата - ана баланың бойына ізгілік пен сенімділікті, мейірім шапағатын төгетін тұлғалар. Қазақ халқы үнемі отбасы құндылықтарына жіті мән беріп, ерді ер деп, ананы ана деп қастерлеген. Осыдан болар қазақ халқы «Жетім көрсең жебей жүр» - деп әр баланың сүйіспеншілік пен мейірімділікте өсуін қамтамасыз еткен. Сол себепті болар қазақ халқында отбасы мәселесінде қиындықтар туындағандары кем де кем болған.

БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ТІРЕГІ

БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 1993 жылы мамырдың 15 жұлдызын халықаралық отбасы күні деп жариялады. Осыған орай ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жарлығымен ағымдағы жылдың 8 қыркүйегінде «Отбасы» мерекесі мемлекеттік деңгейде алғаш тойланды. Бүгінгі қоғамда отбасы құндылығын дәріптеп, бағалау көкейкесті мәселеге айналды. Өкініштісі де осы. Ақ әженің ертегісін тындамаған, ананың бесік жырын әуелетпегені, әке қамқорлығын сезіне алмаған балалар көбеюде. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» – демекші, қоғамның күрт өзгеруі отбасындағы тәрбиеге байланысты болса керек.

Мейірім шапағатын көрмеген жастардың көбеюі қоғамда ажырасулардың кең етек жаюына ықпал етіп келеді. Шаңырақ шайқалып, отбасының бір күнде берекесінен айырылуы қазіргі уақытта жұршылықты таң қалдыратын жай емес. Мәселен, Қазақстан Республикасында АХАТ органдарының статистикасына жүгінсек 2013 жылдың қаңтар-сәуірде 47 (46,2) мың неке тір-

келді. Олардың саны 2012 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,7%-ға көбейді. Некенің жалпы коэффициенті 1000 адамға шаққанда 8,4 (8,3) құрады. 16,5 (15,1) мың ажырасулар тіркеліп, олардың саны 9,3%-ға өсті. Ажырасудың жалпы коэффициенті 1000 адамға шаққанда 2,9 (2,7) құрайды екен.

Ал бір ғасыр артқа шегінсек, ол заманда «ердің көңілін сақта, лебізін сатпа» деп ер адамның рөлін ерекше айқындаған. Сол себепті қазақ отбасын киеліге балап, шаңырақты шайқалу ұлтымыздың менталитетіне жатпайтын құбылыс есептелген. Ал әкені «Асқар тауға» балаған. Осы күнде әкелердің орнына аналар балаларын тәрбиелеп, асырауда шырыл қағып жүргенін өз көзімізбен көріп жүрміз. Ертеректе әкенің қас – қабағына қарап не ойлап отырғанын оқитын болса, осы күнгі әкелердің көпшілігі өз жауапкершілігінен қашып, қоғамдағы «жалғыз басты аналар» мен «жетім» деген ұғымның пайда болуына өз септігін барынша тигізіп жүр. Баласынан қашқан әке былай тұрсын, ендігі аналар да жүрегінің

астында тоғыз ай өсірген нәрестелерін құл-қоқысқа тастап кете барады. Әрине, бес саусақ бірдей емес әкелер бар ұлағаты мен әкелік махаббатын ұялатып жүрген, ана мейіріміне шомылып өскен балаларымызда баршылық. Бірақ асқар тау болып жүргендердің барынан, жоғы көп. Балалар үшін әке қаржыгер ретінде емес, бала үшін әкенің сезімі, әкенің мейірімі мен оның болғаны бәрінен маңызды. Ал бүгінгі әкелер алимент төлеуден қашып, өз баласынан қашып жүргені. Ақшаның болмағаны қасірет емес, әкенің әке ролінде бола алмағаны қасірет болса керек. Себебі әр әке өз отбасының қорғаны болуы тиіс еді ғой.

Сөз түйін. Президент – әке болса, премьер – министр ана. Ал бала бақыты отбасының жемісі болса игі. Қазақ үнемі жиын тойда «киелі шаңырақ» деген сөзді көп қолданады. Өйткені біздің ұлт үшін отбасы үнемі мәңгі ала алмайтын қамалдай. Себебі бір-бірің жақсы көретін, ырысты отбасы үлкен әулеттің иесі болады. Сол себепті әр отбасы бақытты да баянды өмір көшсін.



Сауалнаманы дайындаған Мереке АМАНТАЙ

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ДЕГЕНДІ ҚАЛАЙ ТҮСІНЕСІЗ?

Қазақстандағы мерекелер тізімі тағы бір мерекемен толықты. Нақтырақ айта кететін болсақ, Елбасының жарлығымен «Кәсіптік және өзгеде мерекелер туралы» жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, соның нәтижесінде енді қазақ жұрты жыл сайын қыркүйек айының екінші жексенбісінде мерекелер қатарын толықтырған «Отбасы» күнін тойлайтын болады.

Отбасы - өткеніміз бен бүгінімізді, бүгін мен ертеңімізді сабақтастыратын құндылықтарымыздың маңыздысы. Отбасы - болашақ ұрпақ бойына адамзаттық құндылықтарды және ұлттық рухани байлықтарды сіңіретін тәрбие ошағы. Егемен еліміздің болашағы ұрпағымыздың білімі мен тәрбиесіне тікелей қатысты екенін ескерсек, бұл мерекенің маңызы бір төбе. Демографияны ұлттық саясатымыз деп санайтын қазақ халқы үшін аталмыш мерекенің алар орны қандай деген сауалнама жүргіздік.

Хасенова Роза Жомартқызы, ЖАА «Арна» ЖШС Ирбис телеарнасының қазақ редакциясының редакторы:

Бір күні жағаның арғы бетіне өту үшін қайыққа ұстазы мен шәкірті отырған екен. Сонда шәкірті біраз ойланып ұстазына: «Алла тағала мына әлемге өзінің сүйікті құлы ретінде бізді жіберді. Менің түсінбейтінім, Алла Тағала осы өмірге періштеден артық ете отырып пендені жаратқаннан кейін неге тек жақсылықпен, қуанышпен ғана көмкермейді. Неге жамандықты, қайғыны береді?» –деп налыған екен. Сонда жаңағы ұстазы алады да қайықты тек бір ескекпен ессе керек. Сонда жаңағы жігіт тұрып: «Ұстазым, сізге не болды, қолыңыз ауырды ма, бір ескекпен жағаға қалай жетеміз, екіншісін маған беріңіз мен есейін» – деп мән жайын білмек болғанда, ұстазы отырып: «Міне, көрдің бе бір ескекпен екінші жағаға бару мүмкін емес, әр нәрсенің екі жағы бар, жамандық пен жақсылық та әркез қатар жүреді», – деген екен. Мұндағы айтпақ ойым мен үшін отбасылық құндылық ерлі-зайыптылардың арасындағы түсіністік деп ойлаймын. Кез келген нәрсені алып қарасақ оның міндетті түрде екі ұшы болады. Отбасындағы құндылық та сол екі ұшына кеп тіреледі, яғни ер адам мен әйел адамға. Екеуінің арасында сыйластық болса, отбасының құндылығы арта түспек. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлығы қалыптасып, бой түзейді. Отбасы баланың азамат болып өсуінің негізі болып табылады. Болашағымыз баянды болсын десек отбасымыздың құндылығын сақтауымыз керек!



Үйсін ИМАШХАН, Наурызгүл САФИДОЛЛА

ЖАС ОТБАСЫ

Біздің ойымызша, «Отбасы құндылығы» дегеніміз – отбасы мүшелері. Себебі Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілгендей мемлекеттің ең басты байлығы – еліміздің халқы, әр отбасы, әр азаматы. Отбасы құндылығы дегенді біз негізінен моральдық көзқараста қарастырамыз. Моральдық деп отбасы мүшелерінің денсаулығы, бір-бірімен ара қатынасы, нақтырақ айтқанда отбасы мүшелерінің сыйластығы, бір-біріне деген мейірімділігі және сүйіспеншілігі деп білеміз.

Біз өзіміздің отбасымызды мақтан тұтамыз. Себебі, біз жаңадан студенттік өмірге қадам басқан шағымызда шаңырақ көтердік. Оқумен бірге отбасының ішкі және сыртқы мәселелерін бірлесе және түсіністікпен шешіп бір-бірімізді терең түсінуге тырысамыз. Қазіргі таңда С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде оқимыз. Ғылым, біліммен қатар өмірлік тәжірибені салаластырып алға қойған мақсатқа ұмтылуымыз және соған жететінімізге кәміл сенеміз.

Күнішай ШАЙЗАДА, Ұстаз, көпбалалы жас ана

Тәрбие мазмұнының негізі – адамзаттық құндылық, ал адамзаттық құндылық дегеніміз – ел, жер, Отан, еңбек, білім, мәдениет және, әрине, отбасы. Отбасы құндылығы мен үшін ең алдымен отағасы мен отанасының арасындағы ерекше сыйластық, көз жанарларынан көңіл хошы мен тыныштықты, бақыт пен қуаныш нұрын сезінуі, сезім мен сенімге толы бір-біріне деген арда құрмет деп ойлаймын.

«Тәрбие басы тал бесік» деп дана халқымыз бекер айтпаған болар. Шаңырақтағы ата-ананың берер тәлімі мен тәрбиесі жетіліп келе жатқан ұрпаққа әсер етері сөзсіз. Бұл мемлекетіміздің де іргетасының берік қалануына себепші болар бірден-бір фактор. Отбасы қоғамның негізі. Отбасы – мемлекетіміздің ұстанып отырған басты саясаты. Отбасы құндылығын болашаққа жіті дәріптеу біздің басты міндетіміз болуы қажет деп санаймын.

КЕРЕКУЖАР АУЫЛЫНДА ТҰЗ ӨНДІРІЛЕТІН БОЛА МА?

Осы Құрманкөлдің арқасында Керекужар (Коряковка) ауылында қызу жұмыс жүргізіліп тіршіліктері жайнай түскен еді бір кездері. Ауыл тұрғындары тұзды өндіру жолында бар ынтасымен, шыбындай жанын аямай тер төгіп, жұмыс істегенді. Бүгінгі шағын ауылдың тыныс тіршілігімен тереңірек танысу үшін Керекужар ауылына қарай, ат басын бұрдым. Осы ауылдың ең үлкен, көпті көрген сол замандағы қиыншылықты өз ауылымен бірге жеңе білген ақсақалды аталарымыз және ақжаулықты аналарымызбен әңгімелесіп қайттым... Бірақ тұз өндіруде, осы ауылға өте танымал әулеттің бірі Нұртазиновтар шаңырағының ұрпағы Байтемір атамыз бен әңгіме-дүкен құрудың сәті түсіп, көкейкесті сұрақтарға жауап алуды жөн көрдім.



– **Сәлеметсізбе атам! Қай жылдан бастап тұз өндіру ісіне араласа бастадыңыз?**

– «1824 жылдары марқұм әкем өмірін осы тұз өндіруімен өткізді» – деп сөзін бастады Байтемір ата. Керекужардың Құрманкөл тұз өндірісінде 1947 жылдан бастап 1973 жылға дейін қызмет істедім.

– **Жұмысшылар саны шамамен қанша болды және қаншалықты тұз өндіріңіздер?**

– Біз жұмыс орнында жылына 50-100 мыңдай тонна тұз өндірілді, сондықтан жұмысшылар өте көп болды. Тәулігіне төрт ауысым арқылы қызмет атқардық. Бір ауысымда 25-30-дай адам жұмыс істеді. Жұмыс та жұмысшы да көп болған соң жаз айынан бастап, күн суытып, қыс түскенше жұмыс істеуді тоқтатпадық.

– **Еңбек ақыларыңыз мардымды болды ма?**

– Қызметіміздің төлемі есебінде бізге әр түрлі жерлерден тұрмысымызға қажетті заттар мен азық-түлікпен қамтамасыз етті. Маған тұз өндіруші бір маман айтты. 3 ғасыр бұрын болжам туындаған екен: «Тұзды төгіп алсаң, үйінде ұрыс туындайды», деген өйткені, бұл тағам өте қымбатқа бағаланған.

– **Тұзды көл астынан қалай шығарып аласыздар?**

– Тұзымызды қалай өңдейтініміз жайлы айта кетер болсақ, бірінші арнайы техникалық көліктермен тұзды су түбінен опырып алып, сосын үш рет жуып, тазартып тиісті орындарға вагондар арқылы жіберіп отырдық.

– **Халық арасында Құрманкөлден өндірілген тұздан адамдар уланған деген пікір қалған. Бұл туралы сіз не айтасыз?**

– Бұл жалған пікір. Құрманкөл улы болуы мүмкін емес. Егер уланатын болса сол кезге дейін Керекужарда неге ешқандай адам уланбады? Бұл Құрманкөлден тұзды алғаннан кейін тұзды тазартатын кезде техникалық құ-

рылғылардан қате жіберіп алған шығар.

КОРЯКОВКА АУЫЛЫНЫҢ ТАРИХЫНАН

Танымал зерттеуші В.Н.Попованың қандай да бір шүбәсіз анықталған, дерек, қазақтар Құрманкөл, Құрмантұз деп атаған Коряков көлі мен сол көлдің маңындағы ауыл атаулары таралық саудагер, тұз өндіруші Н.Коряковтың атынан туындағаны деп жазуы, атаудың этонимі жөнінде қате түсініктің орнығуына негіз салды. Тарихи мәліметтерге жүгінсек Құрманкөлде тұз өндірілуі XVIII – ғасырдың ортасында ғана басталған. Демек, іргетасы 1720 жылы қаланған Коряков қамалы Құрманкөлден тұз өндіріпті, сол себепті Н.Коряковтың есімімен аталған деген қисынға келмейді.

Тарих ғылымдарының докторы Жамбыл Артықбаев XVIII ғасырда Н.Коряков деген орыс кәсіпкері Тара қаласында мүлде тұрмағанын анықтады. Егер шынында да, Н.Коряков деген адам Құрманкөлде тұз өндірсе, XVIII ғасырдың ортасында ғана келіп, өндіріпті. Ал оның 1720 жылдан бастап, Коряков қамалында тұруы мүмкін емес, тіпті бұл өлкеге 1747 –1750 жылдардан бұрын келуі де мүмкін емес, оның себепін тарихи деректер айғақтайды. Иә, Керекужарда Коряков текті адам болғаны шындық, бірақ ол шіркеудің басшысы әрі құрылысшы болып табылғанын шатастырмауымыз қажет.

Қазіргі Павлодар қаласының орнында қазақтардың Керекужар деп аталатын қыстауы болғаны, оны орыстар «Коряков Яр» – деп, орысша бұрмалап айтқаны жаңадан салынған әскери бекет солай атағаны байқалады. Осы аталым біршама уақыт құжаттық айналымда жүрген, тек кейін «Яр» тіркесі алынып тасталып, Коряков Яр – Коряковқаға айналған.

Дегенмен, өлкеміздің XVIII – ғасырдан бергі тарихына үңілсек, XVII – ғасырдан бастап, Сібір ка-

зактарының Ямыш көліне келіп, кетіп жүріп тұз өндіргеніне көзіміз жетеді. Сонымен сол кезеңде Кереку өңірінде Ямышев және Құрманкөл атты екі көл Қазақстанның түпкір –түпкіріне әйгілі. Осы екеуі де тұзды көл болды. Яғни осы екі көлден ғана мардымды да, құнарлы, сапалы тұз өндірілген. Бірақ бұл кезде орыс казактары Ямыш көліне жылына бір рет қана келе алды. Тіпті бір рет келуге де зар болды. Өйткені Ертістің арғы жағындағы және Ямыш көлінен оңтүстікке қараған жерлерде жоңғарлар қоныстанып алған болатын. Сондықтан Тобол қаласында тұз өндірісін бақылайтын арнайы комиссариат құрылып, Коряков қамалы 1720ж ресми түрде тұз тасымал-



дайтын бекет ретінде танылған еді. Құрмантұз өндіру жұмысы мемлекеттік қызметкерлерден, саудагерлерден, тұз өндірудегі шебер жұмыстарынан тұрды

ҚҰРМАНКӨЛ ТҰЗЫНЫҢ КЕРЕКУЖАР АУЫЛЫНА ӘСЕРІ

Өкінішке орай, Керекужар тіршілігінің тірегі болып отырған Құрмантұз 1973 жылы жабылды. 1973 жылдан бүгінгі уақытқа дейін яғни 2010 жыл аралығында неге тұз өндірілмеген? Себебі: мемлекеттен қаржы бөлінбеді және Құрманкөл тұзы туралы ешкім ешқандай проблема көтермеді.

Құрманкөл бұрын тұзды жылына 50-100 мың тонна өндіретін. Уақыт өте келе 25-тоннаға дейін кеміді. Өйткені көлдің суы табиғат экологиясының қолайсыздығына байланысты тартыла бастады. Су тартылғаннан кейін көлдің орны балшықтанып, ары – бері тұзды тасымалдаушы вагондардың жолдарына кедергі жасады. Бірақ содан бері бақандай 37 жыл өтті ғой, енді неге қайтадан Құрманкөл тұзын өндіріп көрмеске? Су тартылды, тұз жоғалды деген ел арасындағы сөздің ақиқаты жоқ. Өйткені, Керекужар ауылының тұрғындарының айтуына қара-

ғанда көп уақыт бойы жатқан тұз ендігі біршама жиналып қалды. Мүмкіншілік болса тұзды қайта өндіруге әбден болады.

1973 жылдың аяғында Құрмантұз көлін мүлде жауып тастады. Себебі, мұнда бұрын тұз өндіру технологиясы ұзақ уақыт сақталмады. Керекужар бекінісі шекарасының бөлінуінің әсерінің мәнін жоғалтты. Бекіністің қабырғалары бөлініп, талқандалып кетті. Керекужар ауылының тұрғындарының тұрмыс жағдайлары нашарлап кеткендіктен, жан – жаққа тарап кетті. Халық азайып,

Ал болашақта Құрмантұз көлін қайта өндірсе не болар еді? Бұл сұрақтың шешімі де қиын. Осы мәселенің философиялық мағынасына үңілсек, бұл болатын өзгеріс тек Керекужар ауылына ғана емес, онымен көршілес ауылдар Заңғар, Мойылды, Красноармейкамен, тіпті Павлодар қаласына да үлкен пайдасын әкеледі. Қандай пайда әкеледі? Павлодар қаласы мен жаңағы аталған ауылдардың арасындағы жұмыссыз жүрген қарапайым халықты жұмыспен қамтамасыз етеді.

Жалпылап ойлап қарасақ, Құрмантұз көлін қайта өндірсе қазіргідей жұтап отырған Керекужар ауылы үшін көп пайда мен өзгерістер әкелуші еді. Егер Құрманкөл тұзы өндіріліп, жұмыс ілгері жүре бастаса бұл ауылдың тұрмыс – тіршілігі жақсарар еді. Тұзды вагондармен басқа мемлекеттерге жіберу арқылы көршілес елдермен қарым-қатынасы нығая түседі және де сауда – саттық шаруашылығы оның ішінде сауданың айырбас түрі көп қолданылып қарқындайды. Сонымен қатар, жаңа өндірілген тұзды тері өндіретін зауыттар да және мал шаруашылығында көп пайдаланады. Қазіргі кезде заманның өркендеуіне техниканың қарқынды дамуының яғни көліктердің көбеюінің нәтижесінде қыста көк тайғақ жолда, жол апаттары жиі болып, адам өміріне қауіп төнуде. Бұның алдын алу үшін жолдарға тұз себуге Құрманкөл тұзы септігін тигізер еді.

Халықпен сұхбат арасында, тұздың өндірілуінің тоқтап қалғандығы Керекужар ауылының тұрғындарының тұрмыс жағдайлары нашарлап, жан-жаққа тарап кеткендігін, халық азайып, Керекужарда тіршіліктің қызуы бәсеңдей бастағанын, сонымен қатар қазіргі таңда тұрақты жұмыс жоқ екендігіне куә болдым. Ауыл тұрғындары, мектеп қызметкерлері мен бала-шаға тұздың қайта өндірілгенін асыға күтетінін анық байқауға болады.

Түйін. Өңіріміздің байырғы нұсқасы Керегежар, көне түрікшесі Керекужар, бүгінгі Керковка ауылының тұрмыс тіршілігі осындай. Сапар барысында қалам ұстатқан мәселелер шешілсе, бүтіндей облысымызға пайдасын тигізетін болар еді.

Ұлжан ТӨЛЕУ



Чйлесімділігін тапқан бақытты жұп



Қазақ әдебиетінде ерен еңбектерімен ерек орны бар ақын, Қазақстанның халық жазушысы Әбу Сәрсенбаев пен оның жұбайы қазақ журналистикасының қарлығашы Ләзиза Серғазинаның біз білмейтін қасиеттері мен сырларына үңілсек. Әбу Сәрсенбаевтың жиені Ұзақәлі Жанмұқаш Құмарұлымен болған әңгіме бұл кісілердің біз білмейтін жаңа қырын аша түседі деп үміттенеміз.

– Ләзиза апайымыздың біз білмейтін қандай қырымен бөлісе аласыз?

– Ләзиза апайымды барлығы Бабажан деп атайтын.

– Не себепті Бабажан?

– Сол үйдің кішкентайы Бабажан деп атап кеткен. «Баба» сөзі орыстың әжесі ғой, ол сөзге «жанды» қосып еркелеткен түрі ғой. Содан бері Әбекең де, жора-жолдасы да, біз де солай атап кеткенбіз.

Ол кісінің дауысы қандай еді. Ән салғанды ұнататын. Олар жиі кешқұрым операға барушы еді. Ол кезде жұрт опера – балет театрына ағылып жататын, кешке театр алды құжынап жатушы еді ғой. Ол кісі опералардың арияларын жатқа білді. Табиғатында музыкалық дарыны бар жан еді. Ләзиза апайымның пішіні де пішімі де өзгеше болды, бейне бір Францияның стильдік үйінен шыққан кербез, сәнқой әйел бейнесі әлі көз алдымда. Оның Кереку қыздарына тән өжеттілігі, қайсарлығы, алғырлығы өз алдына бір төбе еді ғой. Бұл шаңырақтан кісі үзілмейтін. Олардың үйінің есігі әрдайым ашық, дастарханы қашанда толы болатын. Қонақжай да көңілді Ләзиза апайымызды есіме осылайша аламын. Ол үйден күлкі арылған емес, кісі тыйылған емес. Жүрегі таза, пейілі кең еді ол кісілердің. Сонысымен де ерекше еді.

– Ғылыми жолда жетістіктерге жеткен ғалымсыз, Әбу Сәрсенбаев, Ләзиза Серғазиналардың өздерінен тәлім-тәрбие алдыңыз. Сол өнеге өміріңізге несімен әсер етті?

– Әбу Сәрсенбаев анамның ағасы. Анам жетім қалғаннан кейін, Әбу ағамның тәрбиесінде болған. Мен де мектеп бітіргеннен кейін оқуға түскенде, сол кісілердің үйінде тұрдым. Әбекеңнің тәрбиесін көрдім. Нағашым өте рухани бай кісі еді, олардың сөздері, өз-өзін ұстауы өз алдына тәрбиелік мәнді дүние еді мен үшін. Ол кісінің жай қарапайым дүниеде айтылған сөздерінің өзі мағыналы, ісі де салиқалы. Жас кезде әртүрлі жағдайлар болады ғой. Сондай сәттер де оңашада айтылған сөздері, ағалық кеңесі әлі күнге дейін есімде. Қатты күлу, дөрекі сөйлеуін, бұрыс қылықтарын көрмегенмін. Жаны таза, өресі биік, мәдениеті зор еді ағамның. Жұбайымен қарым-қатынасы баянды бір үйлесімділіктің өзі етін. Олар үйлесімділігін тапқан бақытты жұп еді.

Мына, жастар деген, «губка» сияқты сіңіргіш келеді емес пе. Ол кісілердің сөзін, қимылын, күлкісін барлығын бойыма сіңірдім. Оларға еліктеп өстім. Мәселен, отбасымен кітап оқуды сол кісілерден үйрендім. Ол кісілер кешқұрым кітап оқитын. Қонақ келмеген күні, бос күндері

бір кітапты кезектесе оқып, оны сабақтап, талдайтынбыз. Осындай дәстүр болды нағашымның үйінде. Осы дәстүрді қолданған кімді көрдіңіз, бүгін?

– Ия, бұл жақсы үрдіс екен. Сізге «бүгінгі жастар кітап оқиды ма?», – деген сұрақтың орайы келіп тұр.

– Қазіргі жастар кітап оқымайды. Табиғатында кітап оқитын жандар болады. Олар табиғатынан білімге жаны құштар, кітапсүйер адамдар. Ал, қоғамның жалпыға дерлігі кітап оқымайды деп айтуға болады. Білімнің көзі қазір кітапта емес, компьютерде болып кеткендей ғой.

– Заманның талабы болар.

– Мүмкін. Кейде ұлы ойшыл, жазушылардың еңбектерін қайта оқып шыққым келеді. Оқығанда кейіпкерлермен көзбе-көз кездесіп, оқиғаның бір бөлшегі боласың. Оны сөзбен жеткізу мүмкін емес. Ал, компьютерде оқығаннан ондай әсер алмайсың ғой.

– Әбу аға мен Ләзиза апайымыздың шығармалары, еңбектері ел игілігінде. Бүгінде ол кісілердің көзі жоқ. Бірақ, елге жетпей жатқан еңбектері мен сырлары қалды ма?

– Кез-келген жазушылардың еңбектері халқына 50 % жетеді. Көкірегінен, жانتөнінен жеткен еңбектері 100 % оқырманға жетеді деп айтуға болмайды. Қазақтың даралары Абай мен Әуезов сияқты жазушылардың асыл мұралары ел игілігіне көптеп жеткен болар. Бұл барлық ақын – жазушыларға бұйырмаған бақ. Дегенімен, көп жазушылардың өмірден өткеннен кейін жарияланатын, болмаса тіпті баспа бетін көрмейтін дүниелері болады. Солардың қатарында Әбу Сәрсенбаев та, Ләзиза Серғазина да бар. Бір қызықтысы, мен бұрын нағашымның көзі тірісінде күнделік жазғанын білмеппін. Сонау, соғыс кезінен бастап, қазақ жауынгерлерінің жеңісі жайында мақалалар мен лирикалық шығармаларын елге жіберіп отырған. Нағашымның артынан қалған қызы Райхан апайымның арқасында ол кісінің естеліктері мен күнделіктері халық алдына жол тартты. Әбу Сәрсенбаевтың шығармашылығының құндылықтарын зерттеп жазған бірнеше диссертациялық еңбектері бар. Ол кісінің шәкірттері анда-санда шығармаларын, еңбектерін естеліктерін жариялап отырады.

– Қоғамдағы қандай мәселені шұғыл шешілуі тиіс мәселе деп қарастырап едіңіз?

– Осы қоғамды құрып отырған, қоғамның бір мүшесіне қойылған сұрақ

деп түсініп отырмын. Шұғыл шешімін табатын мәселелер қатарына тіл мәселесін жатқызуға болады. Мен елімнің тарихынан, Алтай таулары мен Балқар тауларына дейін созылып жатқан байтақ жердің тұғырында тіліміздің тамыры бар, тарихы бар екенін білемін. Әрқайсымыздың қазақ азаматы ретінде бұл мәселені отбасы аясында шұғыл шешуіміз қажет. Өз басымдағы жетістігім, жеңісім немеремді қазақ мектебіне бергенім. Қазақтың мақал-мәтелдерінен сусындап, домбыра шертіп қазақша ән салуы мені қатты қуантады.

– Ағаны, жұбайын еске ала отырып, Сіз үшін жүрегіңізде мәңгі сақталған осы кісілерден қалған қанатты сөздер есіңізде ме?

– Қиын сұрақ екен. Айтқанымдай, Әбекең жаны таза, адал жан еді. Ол Советтер өкіметіне, кеңестік идеологияға адал болды. Бұл кісі кеңес өкіметіне Құдайындай сенді. Бірде, ол кісі Ресей жазушыларымен бірігіп тың игеру жерлеріне алты айға жуық жұмыс бабымен кетті. Тыңды игеруді қолдау мақсатымен мақалалар мен өлеңдер жазды. Алматыға оралғаннан кейін Сафуан Шаймерденов ағамыз Әбекеңе: «Целинаны отарлауға көмектесіп келдің бе?», – деген екен. Әбекең әріптесінің сөзіне ренжіп қалыпты. Кейін кеңестік жүйе құлап жатқан кезде, шынайы деректер көзі ашылған сәттерде маған: «Кезінде маған Сафуан айтқанда ренжіген едім. Кеңестік жүйеге мен балаша сенген екенмін», – деп кеңестік өкіметке бала жүрегімен сенгеніне қапа болып, өзінің өзегін өртеген өкінішімен бөлісті. Міне, жүрегінде талай жылдар бойы салып келген сенім қамалының қираған сәті еді – бұл. Ақталмай қалған үміттің, соқыр сенімнің жауабы еді бұл.

– Оқырмандарға айтар тілегіңіз.

– Оқу, оқу және оқу. Бәріне айтар кеңесім. Мен нағашымның үйіндегі бай кітапханадан сусындадым. Оның жемісін қазір өзімнен байқаймын. Кітап оқыған адамның өресі биік болады екен. Оқудан жазып қалмаңыздар.

– Қазақ әдебиетіне өшпестей ізін қалдырған, саңлақ жазушымыз Әбу Сәрсенбаевты, оның жұбайы жерлесіміз, қазақ журналистикасының қарлығашы Ләзиза апайымыздың көзін көрген жанмен сұхбаттасу біз үшін қуанышты жағдай болды. Оқырман Сіздің әңгімелеріңізден бұл кісілердің біз білмеген қырын таныған болар. Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен
Жанар ӘБДІКАЛИҚЫЗЫ

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

Судың емдік қасиеттері

Су тіршілік көзі. Осы мөлдір суда тіршіліктің көзі жатыр. Бірақ күнделікті тұрмыстың ажырамас бөлігіне айналған су туралы біріміз білсек, біріміз біле бермейміз. Судың адамның шөлін қандыру немесе тұрмыстық қажеттілігінен басқа да сұраныстарына ие. Тіпті оның емдік қасиеттері жайлы да жиі айтылады.

Жапон ғалымы Масару Эмото бірнеше жылдар бойы судың қасиетін зерттеген екен. Ол тазартылған суды бір ыдысқа құйып, сол судың жанына адамдар келіп «махаббат», «періште», «рақмет», «бейбітшілік» деген сияқты сөздер айтқан. Ғалым осы суды қатырып, суретке түсірген кезде кристалдары керемет әдемі, үйлесімді болып шыққанын байқаған. Ал дәл осы суға «ыза», «соғыс», «қан», «өлім» сияқты жағымсыз сөздер айтқан кезде кристалдары мүлде басқа, бей-берекет, көмескі, қара лай болып шыққанын көріпті. Жапон ғалымы су біздің барлық эмоциямызды, сезімімізді, сөзіміз бен дұғамызды, музыканы қабылдайтынын осылай дәлелдеген. Дәрігерлердің айтуынша, сумен емделудің қарапайым әдіс-тәсілдері көп. Мәселен, суды алдымен қатырып, кейін ерітіп ішуге болады. Тек үстіңгі қабатын төгіп тастау керек. Өйткені ауыр металлдар судың бетіне көтеріледі. Осы суды адам күнде таңертең аш қарынға ішіп отырса, емдік қасиеті зор. Адам ағзасы бірден жұмысқа кіріседі. Ағзаға таза су енеді де, ол біздің сұйықтық қанымызға әсер етеді және тазалық ақпаратын жеткізеді. Сөйтіп біздің бойымыздағы сұйықтықтардың құрылымдануына ықпал жасайды. Адам денесінің 70 пайызы судан тұрады. Ендеше, ағзадағы судың құрамын өзгерте отырып, сауығуға өбден болады.

Судың біз біле бермейтін жиырмадан астам өзге де қасиеттері бар:

Ал, әлемдегі ең таза су – зәмзәм суы. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 2004 жылғы мәліметі бойынша, бұл су әлемдегі ішуге пайдалы ең таза су. АҚШ-та жасалған тест нәтижесінде жер бетінде құрамында микроорганизмдер мен бактериялар кездеспейтін бірден-бір таза су – осы зәмзәм екендігі ғылыми негізде дәлелденіп отыр. АҚШ-та әртүрлі сусындар мен жемістерді елге әкелуге тиым салынғанымен, зәмзәм суына тиым салынбайды. Зәмзәм суының басқа суларға қарағанда құрамында күкіртті аз, құнарлы, минералы көп. Тойыну үшін ішкен адамның қарны тояды, шөлдеген адам ішсе, шөлі қанады. Қала суынан айырмашылығы – құрамында кальций мен магний тұздары мөлшерінің көптігі. Шаршаған адам зәмзәм суын бетіне жақса, ол қатты рахаттанады. Тағы бір ерекшелігі, зәмзәм суының құрамын да түрлі жұқпалы ауруларға қарсы тұратын фтор бар. Өмірде судың дәмін бұзатын биологиялық құбылыстар зәмзәм суына ешқандай әсер етпейді. Бұл да ғылыми тұрғыда дәлелденген.

Еліміздің де әр өңірінде тереңнен атқылап, жер бетіне шығып жатқан емдік қасиеті мол минералды су бұлақтары кездеседі. Олар температурасы және құрамындағы газдар мен тұздарының түрі жағынан (хлор, калий, натрий, темір және т.б.) әр түрлі болып келеді. Адам ағзасына шипалық әсері бар Алмаарасан, Қапаларасан, Сарыағаш, Жаркентарасан курорт-санаторийлері, емханалар салынған. Бұрыннан белгілі минералды қайнарлар, әсіресе, шөлді аудандарда көп кездеседі, жергілікті халық бұларды ем үшін пайдалануда.

Бағ кз сайытынан алынды

АЛТЫН СӨЗІНІҢ ЭПИТЕТИ


Мысалы қазақтарда «алтын» сөзі эпитет ретінде көп қолданылады. Оның мағынасы да сан алуан. Түсті – алтын күз, әдемілікті – алтын қасықтай, құтты мекенді – алтын бесік, алтын аймақ, атақ-дәрежені – алтын жаға, қазына-байлықты – алтын сандық, адамгершілігі мол кісіні – алтын адам деп ерекшелейді. Демек қазақтар әсем дауысты әншіге алтын дауысты, дарынды балаларын алтын ұрпаққа балап, шебер адамды қолы алтын деп, жақсысы мен мықтыларын алтынға теңеген. Бүгінде елімізде «Алтын жүрек», «Алтын домбыра», «Алтын дауыс» сынды жүзден жүйріктерге ұсынылатын марапаттар мен жүлделер де

кен орындары болған деп болжам жасайды орыс ғалымдары. Ендігі археологтардың нысана-сына сол кен орындарын табу ілінген сыңайлы.

ӘЛЕМДІ ТАМСАНДЫРҒАН ТЕХНОЛОГИЯ

Еліміздің танымал тарихшысы, Археология институтының директоры Карл Байпаков: «алғаш алтынды Қазақстанда өндіріп, одан әшекей жасауды қола дәуірінде, яғни, 4000 жыл бұрын жасаған. Оған дәлел Қапалдың маңынан ерекше сәнді сырғалар табылғандығы. Біздің бабаларымыз саф алтынды Алтай, Қаратау, Сары арқа, Тянь-Шань тауларының етегінен өндіріп ал-

Туған жерін алтынға балап, босағасы мен шаңырағын, сүйіктілері мен адам бойындағы адал қасиеттерді алтын сынды металлға бағалаған қазақ, сонау тарихқа көз салсақ та қасиетті сары даламызды мекен еткен халық пен тайпалар да осы бір жылтыраған тасқа ерекше құн берген. Оған себеп іздей жүріп, «алтынға» маңыз берген дөңгелек жердің барша тұрғындары екенін білеміз. Ежелден алтын бағаланған, бүгінде оның бағасын ғасырлар өтсе де құндылығын еш жоғалтқан емес.



АЛТЫННЫҢ «КҮЗЕТШІ БҮРКІТІ» КІМ?

баршылық. Алтын көпір, алтын уақыт, алтын орта, алтын ұрпақ, алтын дәуір, алтын адам т.б.

САҚ АЛТЫНДАРЫ


Геродот сақтарды «Алтынның күзетші бүркіті» деп неге атады? Алтынның сонау сақ дәуірінен келе жатқан құндылығы мен қасиеттілігі неде болды екен? Қазақ алтынды несіне бола қадір тұтты?

Халық арасындағы аңыз бойынша сақтарды «Алтын күзетшісі» деп атаған. Осы уақытқа дейін сақ кезеңдерінен табылып жатқан археологиялық табыстардың көбісі алтыннан жасалған бұйымдар. Алтын күзетушілер зергерлік бұйымдары мен көркем туындыларын жасағанда сары металды көптеп қолданғанын тарихтан білеміз. Олардың киімі мен тұрмыс әбзелдері, әшекейлері мен қол заттары барлығы да алтыннан жасалып, алтынмен қапталғаны жайындағы деректер археологиялық қазба жұмыстарынан белгілі болуда. Талас, Шу, Іле бойынан, Іле, Жоңғар Алатауы, Кеген, Есік, Нарынқол жерлерінен сақтардың бейіттері табылуда. 1939 жылы 300 аса алтын әшекейлер Қарғалы аңғарында табылды. 1970 жылы Есік маңынан табылған «Алтын адамды» алтын әшекейлер мен құндылығына қарай әлемдегі табылған аса құнды қазыналар қатарына жатқызды. «Хайуанаттар нақышында» аса бір шеберлікпен жасалған 4000 алтын әшекейлерге малынып жатқан алтын ханзада көшпенділердің зергерлік өнерінің шебері болғанын жаһанға дәлелдеді. 1999 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Қатон-Қарағай ауданы, Бірел ауылының маңынан 72 бейіт табылып, сақтардың зергерлері жасаған алтын бұйымдармен сақ мұрасы тағы толығыды. Сақ көсемі мен оның атының алтынға алшынып тұруының өзі әлемдік кереметтерге баланды. Осы сынды деректерден көне металлургияның орталығы саналған көшпенділер мекені екеніне көзіміз тағы жетеді. Осыншама алтынның иелері сақтардың өз

ған», – деген сөзі «алтынның күзетшілері» деген атау бізге қайдан келгеніне жауап бергендей болды. Сақтар ерекшеленгісі келгеннен кейін әшекейлер тағып жүрген. Көз жауын алардай зергерлік бұйымдардың иелері әдемілікке құштар жан екенін байқауға болады. Осы кездері технологиясы ерекше, әсемдікке толы сақтардың «хайуандық стилі» пайда болады. Өте күрделі технологияларды меңгеру сол дәуірдің зергерлеріне бұйырған. Олардың алтын бұйымдары дүниенің дүйім ұсталарын тамсандыруда. Енді міне, Геродоттың «Алтынды күзетші бүркіті» деп атауына себеп те таптық.

АЛТЫН КӨШЕ МЕ?

Халық арасында «алтын көшіп жүреді» деген ұғым бар. Алтын бір жерден екінші жерге көшетін көрінеді. Жел көтеріп, алтын сол желмен ілесе ұшып жүреді мыс. Бұл құбылыс шындыққа жанаспа? Алтынның көшін көріп, алтынды қолмен ұстауға талпынып көргендер туралы күнделікті өмір әңгімелерінен құлағың шалып қалатыны бар. Көшіп жүрген алтынды қолды ету үшін бірден, қан шығару керек екен. Жалпы алтынның көші дегенді ғалымдар «самородок» яғни, «саф алтын» дегенмен байланыстырады. Саф алтын қандай да бір металдың түйірі. Яғни, қазақтар алтынды тас деп атаған. Демек ол – қатты зат. Алтынды қайнатқанда ғана сынап сияқты сұйық, үлпілдек болады. Ал даладағы температурада алтын ерімейді. «Самородок» қарапайым рудада, құмнан немесе тау-тастардан табылған кәдімгі тастардан ерекше болып келетін тас. Мұндай металлдар жауын-шашынды, таулы аймақтарда кездеседі екен. Және сол жауынмен алтындар шайылып, бір жерден екінші жерге көшеді. Бірақ олар



халық арасында аңызға айналған «көшпелі алтын» сияқты сұйық емес, қатты болады. Мұндай аттың басындай саф алтын Австралия, Чили, Хабаровск аймақтарында табылған. Ғалымдардың айтуынша «көшпелі алтын», «алтынның буы» аңыздардан туған сөздер ғана.

АСПАННАН ТҮСКЕН АЛТЫН

Мамандардың зерттеуіне үңілсек, сары металл көктен түскен дейді. 4,5 миллиард жыл бұрын Жер шары қалыптасып жатқанда үлкен отты сұйық зат төгіздіс болыпты. Кейінірек температура суығанда ондағы ауыр заттар жердің ең төменгі қабатына батып кеткен екен. Сондықтан алтынды жер бетінен табу қиын. Ағылшын еліндегі Бристоль университетінің Матиас Виллбольд бастаған ғалымдары алтын және өзге де бағалы металлдарды біздің планетамызға алып метеорит алып келген деген болжам жасайды. Осыдан шамамен 3,9 миллиард жыл бұрын құлаған метеориттің нәтижесінде жердің салмағы 1 пайызға артқан. Бұдан 4,1 және 3,8 миллиард жылдар аралығында жерге көп метеориттер құлаған көрінеді. Ғалымдар бұл кезеңді «үлкен шабуыл» деп атаған. 1869 жылы Австралияда Джон Дисон және Ричард Оутос екі азамат 72 келелік табиғи алтынды тауып алған екен.

АЛТЫН ЕРКЕКТЕРГЕ ЗИЯН БА?

Алтынды еркектерге зиян, әйелдерге пайдалы дегенді Исламда жиі естиміз. Шарифат бойынша ерлер үшін таза алтын мен жоғары сапалы алтыннан соғылған құнды бұйымдар тағуға тыйым салынған. Әлидің куәлігіне сай, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар сол қолына жібекті іліп, оң қолына

жоқ. Өйткені, адамдар ағзада күкірт, сынап, тұздың құрамдық тепе-теңдігі бұзылғанда науқас-танады», – деген екен. Ол оның себебін адам денесіндегі ең өмірлік маңызды мүше жүрекке адам өміріндегі ең маңызды экономикалық фактор алтын көмектесетінімен түсіндіреді. Осындай адам санасына сыймайтын көз-қарастарына қарамастан Парацельс медицина тарихында «өте шебер дәрігер» ретінде қалды.

АЛТЫНДЫ ҚОЛДАН ЖАСАУҒА БОЛА МА?

Гамбургтік алхимик Геннинг Бранд қарттарды жасартып, сырқаттарды жазатын өмір эликсирін, тастан асыл алтынды жасап шығаратын тасты іздей бастайды. Бір тәжірибенің барысында, алынған қалдыққа көмір және құм қосып, буландырады.

Нәтижесінде қараңғыда жарық беретін зат түзіледі. Бүгінде біз фосфорсыз өмірімізді елесте алмаймыз. Қарттарды жасартып, сырқаттарды жаза да алмады, есесіне алтынның орнына өзі байқамай алғаш рет фосфордың адам өміріне жолын салады.

Түйін сөз. Жер бетінде әлі өндірілмеген 80 пайыз алтын бар көрінеді. Біріншіден, Қазақстан алтын өндіруден алғашқы қатардан бой түзеуде. Екіншіден, ата-бабаларымыз алтынның «брендин» жасап, алтын өндеу мен зергерліктің сара жолын салып-ақ кеткен. Бұл үшін көшпенді аталарымызға алғысымызды айту аздық етеді. Алайда, шикізатымыз бен зергерлік өнерімізбен өлем нарығына шыға алмай отырған жайымыз тағы бар. Асқан шеберлігімен, сапалы өнімімен жаһанды сақтар баяғыда-ақ бағындырған емес пе еді. Бүгінгі күні алтын әшекейлерінің сән үлгісінің сан түрін жасаған шеберлеріміздің ісін ұлықтау – ұрпақ парызы.

Жанар ЕЛЕШОВА





Ұлжан ТӨЛЕУ

Арманым - тілім шарықтаса, шалқыса, асқақтаса...

Тіл – ата бабамыздан бізге жеткен асыл қазынамыз, ана сүтімен бойға дарыған кіршіксіз таза рухани құндылықтарымыздың бірі. Сол құнды дүниені қастерлеп ұстай білу кез келген жұмыр басты пенденің міндеті. Біздің қасиетті ана тіліміз талай жылдар бойы шырғалаңға түсіп, көптеген қиын сүрлеу жылдарды басынан өткеріп келеді. Тіпті қазақ деген ұлттың тарих сахынасынан мүлдем өшіп кету қаупі де болды емес пе? Тіл жоғалған жерде ұлт та жоғалады. Алайда, қазақтың қолынан тек қана мал бағу келген жоқ, шыр-пыр болып жүріп сол қазақ тілін сақтап қалды.

Тарихқа назар салсақ: өмірден өткен үлкен империялардың нағыз қайтпас жауынгері тіл екен. Тіл-мемлекеттің тәуелсіздігі. Қауымның еркіндігі мен үстемдігі. Сауда саттық үшін ақша жасаушы құрал десек, тіл – өткен мен бүгіннің, дана көзін көрген қария мен өскелең ұрпақтың арасында көпір болатын құрал іспеттес. Тіпті тілді тірі ағза десек те артық болмас. Не өркендейді, не өледі. Басқа жол жоқ. Біздің ана тіліміз өткір қылыштың жүзінде тұрып кейін бізге қайта оралды яғни, өлген жоқ, бірақ тіріліп өркендеген де түгі жоқ,

тек өлместің күнін көріп тірі өліктің күйін кешуде. Бұл ащы болса да шындық. Ақиқатқа тура қарағаным үшін жазаламассыздар қазағым.

Қазіргі қазақ тілі – қазақ ауылдарындағы кемпір шалдың, қазақ тілді жазушылардың шығармашылық кешінің, қазақы ортадағы той-томалақтың ғана тілі. Алысқа бармай-ақ қояйық, азаттық алғаннан бері мемлекеттік деңгейдегі ресми жиналыстардың көбісі таза қазақ тілінде өтпеді.

Ата Заңымызда мемлекеттік тіл қазақ тілі деп жазулы тұр. Ал қазақ тілі осы Ата Заңымызда көрсетілген статустық ие ме? Күллі тірлігіміз қазақ тіліне емес, көрші Ресейдің мемлекеттік тіліне қарап тұр. Қысқасы әлемде өзінің мемлекеттік тілінде емес, өзге бір елдің тілінде тірлік кешіп отырған ел – ол біздің Қазақстан.

Кеңес одағы кезінде 1938 жылы КСРО халық комиссарлары Кеңесі қабылдаған ұлттық республикалар мен обылыстарда орыс тілін міндетті түрде оқыту туралы қаулы қабылдады. 1954 жылы Солтүстік өңірде 700 қазақ мектебі бір күнде жабылды. Таза қазақ ауылдарында қалған 100-ге тарта мектеп араласқа айналды. Дәл бүгін Қазақстанда 1777 таза орыс мектебі, 2068 аралас мектеп бар екен. Барлығы 3845 мектеп орысша оқытып жатыр деген сөз. Ал, таза қазақ мектебі 3750 шамасында. Тәуелсіз Қазақ елінде таза қазақ мектебі 50 пайызға да жетпейді. Алты Алаштың айбыны Астананы алып қарайық. Мұндағы 61 мектептің 16-сы орыс, 19-ы қазақ, 26-ара-

лас мектеп. Аралас мектепті орыс тілді мектеп деп санай беріңіз, өйткені ол мектептерде тілдік ортада орыс тілі үстемдік етеді

Сондықтан да мемлекеттік тілді жандандыру, оны толық деңгейде пайдалану ешқандай екінші бір елдің көңіліне келетін, реніш қоздыратын шаруа емес. Керек болса, тәуелсіздікті нығайту мемлекеттік тілді нығайтудан басталу керек. Өйткені, тәуелсіздік деген ұлттың азаттығы. Ұлттың азаттығы деген сол ұлттың бүкіл құндылықтарының теңдікке жетуі, әлемдік кеңістікке шығуы деген сөз.

Тіл деген жай ғана қарым-қатынас құралы емес, ұлттың рухы, қаны, жаны, сөлі! Қазақ тілі шынымен мемлекеттік тіл болатын болса, оның құдіреті мың есе арта түспек.

Міне сондықтан да қазақ жастары өз ана тілімізді құрметтеп, болашақта оның жоғары дәрежеге көтерілуіне, өз ықпалымызды тигізуіміз қажет. Сонда ғана, тіліміз өз қаймағын бұзбай, келешекте өзге тілдердің арасында деңгейі ерқашанда үстем болар еді.

Бұл өмірде армансыз адам болмас, жерұйықты іздеген Асан Қайғы да, өлместің дәрісін іздеген Қорқыт ата да, тіпті қазақ халқының шерін тартқан ұлы Абай да армандаған. Өйткені, арман адамды алға қарай жетелейді. Онымен адам қиялдап, қолы жетпес асау арманға қол жеткізеді. Ал менің аңсаған арманымның бірі де бірегейі – Тіл бостандығын алу.

АНА ТІЛІМ – АЙБЫНЫМ

Ана тілі – халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі.

Жүсіпбек Аймауытұлы

Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге де болады. Себебі, ол қандайлық мамандық білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңаржақ азамат болады.

Мұхтар Әуезов

Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін.

Әр халықтың ана тілі – білімнің кілті. Біздің жастарымыз ана тіліне жетіп, білімді, мәдениетті болсын

Ахмет Жұбанов

Ана тілі қайнаған қанның, қиналған жанның, толғантқан көңілдің, лүпілдеген жүректің сығындысы, онда дәм де, мән де болу керек

Сұлтанмахмұт Торайғыров

Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді

Ғабит Мүсірепов

Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамыз-ды, тарихымызды ұмыту.

Бауыржан Момышұлы

Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, ғылым-білім де осында.... түрік тілінің ішіндегі ғауһары – қазақ тілі.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы

Қазақ тілін зерттеушілердің бәрі де бір ауыздан қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең таза әрі бай тіл деп куәландырып отыр.

Платон Мелиоранский

Тіл – халықтың автопортреті...

Тіл жоқ жерде ұлт жоқ.

Шыңғыс Айтматов

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың Алтын күннен бағасыз бір белгі боп, Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың! Мағжан Жұмабаев

Тілдің жайы жөргекте

Тіл – адаммен жаратылған баға жетпес, құндылық. Біз тіл арқылы жан-дүниемізде жүйткіп жатқан мәселелерді қоршаған ортаға мәлім ете аламыз. Тілсіз ғалам бос сияқты. Жүректің қаруы тіл. Себебі біз жүректе тұнып жатқан мұң мен қуанышты тіл арқылы айтып жеткізіп, бір-бірімізді түсініп, кім екенімізді біле аламыз. Біздің жан-дүниемізді қорғайтын, өсіретін, өшіретін тіл. Арамызда тілдің қадірін түсінетіндер де, түсінбейтіндер де бар. Тілімізден айырылып қала жаздаған халықтың біріміз.

Енді міне тәуелсіздігімізді алып, жаңа жаңа аяғымызды басып, жанданып келе жатсақ, көлденеңдеп алдымыздан тіл мәселесі тағы шықты. Бес қазақ әңгімелескен жерде арамызға бір орыс ағайын келсе, шүлдірлеп бесеуіміз бірдей орысшалап тіл айналдыруды әдетке айналдырдық. Бұл әдет сонау орыстандыру саясатынан бері жалғасып келе жатқан үрдіс. Сол үрдіс ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың арқасында саябырсып, қазақтар қазақыланып, шұбарланған тіліміз тіршілігін жалғастырып, дініміз бекіп жатқан жайы бар.

Халыққа қызмет ету саласында қазақша бір жайды сұрап барсаң, қонымды жауап ала алмайтын жағдайымыз тағы бар. Дерттен қашан айығар екенбіз? Енді айығып келе жатып, сол әдетке бет бұруымызды тоқтатсақ игі болар еді. Дегенмен, өткен кезеңдегі дақтардың сіңіп қалғаны біздің сөйлеу

мәдениетімізде байқалатыны рас. Өткен өтті, кеткен кетті, келер күндегі жайымыз қандай болмақ? Кесепат кеселден арылуға толықтай мүмкіндігіміз жетіп тұр. Елбасы Н.Ә.Назарбаев бәрін айқындап, мақсат-мұратымызды белгілеп берді. Мемлекет Басшысы «Қазақ қазақпен сөйлессін» деген ұран да тастады халыққа. Бұл да қазақ тілінің мәртебесінің өсуіне қарыштай қадам болар еді. Өзіміз ана тілімізде сөйлейтін болсақ, басқаға да үлгі болып, өз ортамызда қажеттілік тудыратыны хақ.

«Жеті жұрттың тілін біл» – дегендей, мен де білімді, жігерлі, өз күшіне сенген жастардың өзге тілді білуіне қарсы емеспін. Білсін, оқысын. Өз кезегінде өзге тілді білу де бір байлығымыз. «Өзгелер өзіңді сыйласын десен, өзің де өзгелерді сыйлай біл!», – дейді ғой даналар. Өрине басқалар біздің ана тілімізді құрметтеп сыйлауы үшін, бізде олардың тілін біліп, түсініп сыйластық танытқанымыз абзал. Бірақ соның жетегінде кетіп, тілімізді шұбарлатпайық. Ақылды да, қайсар жастарымыз тұрғанда туған тіл өлуге тиіс емес. Біз білім көкжиегінде кең құлаш жайып, тәуелсіздік аспанында қырандай самғайтын Қазақстандық жастарымыз! Ертең, ертең деп жауырынымызға мінген жалқаулықты тастап, бүгіннен бірлесе жұмылсақ, не көрмеген бабамның тілінің сөнбей лаулап жанатынына сенімдімін. Тілдің жайы жөргекте екенін есте ұмытпайық!



Айкөз Шаймерденова, студент

ТІЛІМ БАРДА !

Қаламаймын тілімнің өлгенін, Тілім өліп, елімнің шырағы сөнгенін. Жаһанданған кейбіреулердің, Сені де, мені де тірідей көмгенін.

Ел барда өлмейсің ана тілім, Өзге тілден бөлексің, дара тілім. Ана тілім ұлтымның қорғаны едің, Өз тілін білгендерді қолдап келдің.

Баба тілін білмегендер қор болып, Өзгелерге мазақ болып, сор болып. Дертімізден айығайық қазағым, Сенің де аз емес көрген азабың.

Келіспесе тонымды шешіп алсын, Теріс десе тілімді кесіп алсын. Дәурені болмай тілімінің, алынбас жүректегі оқ, Мен барда тіліме өлмек жоқ!



ЖАҢАН ЖҰРТШЫЛЫҒЫ МЫСЫҚТЫ НЕГЕ ҰНАТАДЫ

Американдық ғалымдардың пікірінше адам баласының мысықты ұнатуына себеп болған токсоплазмалар екен.

Мысық тектес жануарлар негізі токсоплазмалардың төл қожайыны. Дәл осы мысық денесінде осы паразиттердің ұрықтануы, көбеюі жүреді. Ал, өтпелі қожайындар ретінде әртүрлі жануарлар, оның ішінде адамдар, құстар мен кеміргіштерді қарастыруға болады. Өтпелі қожайынның ағзасына енген паразит жасушаның ішіне еніп, токсоплазманы көрмей, қожайынның имунитеттік жүйесі жұмысын әлсіретеді. Жасушаның ішінде паразит бөліну кезінде, жасушаның қабырғалары төтеп бере алмағандықтан, паразиттер сыртқа шығып, қанның ағысымен дене бойына тарап кетеді. Токсоплазмалардың денеге тарауы өтпелі қожайын үшін білінбей өтіп

кетеді. Егер де ауру асқынса, бауыр, көкбауыр, орталық нерв жүйесін дертке шалдықтырады.

Паразит қожайынның болмысына әсер ететіні әуелден белгілі. Стенфорд (АҚШ) университетінің Патрик Хаус ғалымның жетекшілігімен зерттеу жасап жүрген ғалымдар токсоплазма (*Toxoplasma gondii*) жұқтырған егеуқұйрықтар мысықты көргенде оларға деген жақындықты сезінеді екен. Токсоплазмаға шалдыққан кеміргіштердің мысық алдындағы қауіптенуі әлсірейді. Сол мезетті сәтті пайдаланған мысық егеуқұйрықты жемтік етеді. Ал, паразит болса келесі өмірінің кезеңіне ауысады.

Токсоплазма паразитін жұқтырған адамдар мына әрекеттерге бой алдырады: кез-келген реакцияның бәсеңдеуі, әйелдердің тым ашықтығы, әлеуметтенуге әуестенуі, керісінше, еркектер тұйықтала түседі, жаңа атаулының бәріне қызығушылығы әлсірейді. Токсоплазма әсіресе, аяғы ауыр әйелдерге өте қауіпті. Паразит ана құрсағындағы шақалақтың шетінеуіне әкеліп соқтыруы мүмкін. Бірнеше жыл бұрын, Калифорниялық университеттің докторы Кевин Лафферти жарыққа шыққан мақаласында токсоплазма адамның нервтік жүйесіне әсер етіп, адам мәдениеті мен дәстүрлеріне өзгеруіне ықпал етеді деген болжам жасаған. Халықтар арасындағы ерекшелік, оның ғаламдағы біркелкі емсе тарауы токсоплазмамен кішкене болса да байланысы бар дейді ғалым. Осының бәрі де әлемде үй мысықтарының танымалдығымен байланысты. Токсоплазмоз паразитіне қарсы тұру денелері жаһанның үштен бір бөлік тұрғындарында ғана бар көрінеді. Лаффертидің айтуынша, әр түрлі топтағы тұрғындардың токсоплазманы жұқтыруы мен алуан түрлі неврологиялық ауытқулар арасында корреляциялық құбылыстарды байқаған.

Американдық ғалымдар мысық зәрінің иісі токсоплазманы жұқтырған тышқан-ның қорқыныш тудыратын сезімін тежеп қана қоймай, өзіндік қорғану қабілеті әлсіреп, жақындық сезімін тудырады екен. Әрине, егеуқұйрықтар тышқанмен жақын тартуды мақсат етпейді. Тек, мысық зәрі тышқандар үшін шағылысуға жауап бе-

ретін гармондардың көп бөлінуімен байқалады. Паразит егеуқұйрықтың мидың лимбикалық жүйесін, инстинктік және репродуктивті өзін-өзі ұстауды, қорғануды зақымдайды.

Бұл механизм әлі де белгісіз. Аталмыш зерттеу жұмыстарына сүйенсек, стресстік жағдайларда туындайтын токсоплазмозбен қатар жүретін неромедиатор мен гармондардың – дофамин деңгейі жоғарлайды. Хауастың зерттеуінде егеуқұйрықтардың дофамин деңгейі 15 пайызға өскен.

Сонымен қатар, шизофрения дертіне шалдыққан науқастардың дофамин деңгейі арту көрсеткіші байқалады. Шизофрения ауруына қарсы дәрі-дәрмектерді токсоплазма паразитін жұқтырған кеміргіштерге бергенде мысық алдындағы қорқыныш сезімі қайта оралған көрінеді. Осы жағдайда токсоплазмоз бен шизофрения арасында байланыс бар екенін аңғарылады.

Егеуқұйрықтар мен адамдардан тыс, өтпелі токсоплазма қожайындары сиырлар, шошқа, т.б. малдар. Аталған дертке шалдыққан малдың қанды еті адамды осы паразитпен жұқтыруы мүмкін. Осы паразиттің көзі әрі адам үшін қауіптісі де – үй мысығы. Ғалымдар токсоплазманың адамға, адам болмысына әсерін және шизофрения аурумен байланысын зерттеуді жалғастыруды көздеп отыр.

www.nkj.ru сайтынан алынып, аударылған.
Аударған Жанар ЕЛЕШОВА

Қыркүйек қандай ай?

Күздің алғашқы айы. Бұл ай атауы мал шаруашылығына байланысты шыққан. Қой мен ешкінің төлдеу мерзімін жылдың жылы айларына келтіру, малдың қоңын толықтыру мақсатында жаздың басында қошқарлар мен текелерге күйек байлаған. Ал осы байланған күйек тоқсан күннен соң алынып, аталық малдар еркін жіберілген. Сол себепті қыр қазақтары күйек ағытатын уақытты «қыркүйек» деп атаған. Көне жырларда:

Үш ай тоқсан болғанда, Құтылар қошқар күйектен, – деп айтылса, Нысанбай жырау былайша толғайды: Ай үш тоқсан күні еді, Шаруа шешкен күйегін. Қыркүйектегі ауа райы Күн салқындайды. Шық түседі, шуақты күндері де бар. Мизам шуақ. Айдың екінші онкүндігінде ауа-райы суытқан кезде болатын шуақты, далада мизамдар шұбатылатын күндер. Сүмбіленің тууы. Қыркүйектің соңғы онкүндігінде ауа-райы салқындап, су суытын кезі. Халық: «Сүмбіле туса – су суыр», – дейді. Қыркүйекте туғандар Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар (12.09.570), жазушы М. Әуезов (28.09.1897), С.М. Әуленов (17.09. 1922)

Ақындардың шабыт шақырудағы әдеттері

Қабан мен Сүйінбай – домбыраны қағып жіберіп, мұртын сылап, сақалын желпіп, өз құлағын өзі бұрап алу.

Жамбыл – домбыраны са- балап, екі иығын қомдап алу.

Кенен – өз құлағын өзі бұрау.

Үмбетәлі – төрден есікке, есіктен төрге жыл- жып айту.

Бейсенбай – жазуы жоқ ақ қағазға қарап отырып, кәдімгі хат оқығандай айтқан.

Әмір – алақанына қараған.

Италмас – екі қолын артына жіберіп, түрегеліп тұрып айтқан.

Шашубай – ат үстінде екі аяғын үзеңгіге шіреп айту



ҚҰРАҚ КӨРПЕ



Мұздың тығыздығы бетонның тығыздығына тең.



Лас қар таза қарға қарағанда баяу ериді.



Таза алтын өте жұмсақ, оны қолмен майыстыруға болады.



Ыстық су салқын судан ауыр.



Құрамында ең суы көп көкөніс – қияр.



Бір түп ащы жусанда 100 000 тұқым бар.



Жаңа үзілген алма суға батпайды.



Швейцарияда орден, медальдар жоқ.



Ұлыбританияда конституция жоқ.



Сауд Арабиясында бірде-бір өзен жоқ.



Ең биік 25 шыңның он тоғызы Гималайда.



Экватордан бастау алып, теріс қарай ағатын жалғыз өзен – Ніл.



Жердегі ең жылы теңіз – Қызыл теңіз.



Вашингтонда адамнан телефон көп.



Малайзияда жол полициясы жоқ.

МЕНШІК ИЕСІ:
С.Торайғыров
атындағы Павло-
дар мемлекеттік
университеті

Редактор:
Жанар Елешова

Дизайнер: Н. Яницкая

Тілшілер: Ұ. Төлеу, Н. Рабилова, Қ. Шаймарданова.

Ақылдастар алқасы:
Қ.Алдабергенов, Ж. Бижан, А.Тойшыбайұлы, Г. Кенжебалина.

Редакция мекен-жайы:
Павлодар қ., Ломов көшесі, 64, каб.427-А, тел.673648

• ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке алынып (04.12.2008), ол туралы №9722-Г куәлігі берілген.
• ГАЗЕТ бетіндегі автордың мақалалары, хаттары редакцияның көзқарасын білдірмейді

• ГАЗЕТ Павлодар облыстық «Баспасөз үйі» ЖШС баспаханасында басылды. Павлодар қ., Ленин к., 143 үй, тел. 61-80-26
• ГАЗЕТ айына бір рет шығады, таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 4668